

БЕКІТЕМІН:
Мектеп директоры
Назарбекова С.А.

07.09.2003

Пән мұғалімдері лауазымдық міндеттері:

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады;

білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім алушылардың жеке кабілеттерін анықтайды және дамытуға жәрдемдеседі;

білім алушыда педагогика құрметпен қарауга тәрбиелейді, педагогтың аты мен әкесінің аты бойынша сыпайы қарым-қатынас немесе "учитель/мұғалім" тікелей қарым-қатынас арқылы қарым-қатынастың іскерлік стилі мен сөйлеу этикетін сактауга үйретеді;

білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын колданады;

пәндер бойынша қысқа мерзімді және орта мерзімді (күнтізбелік-такырыптық) жоспарлар, бөлім үшін жиынтық бағалау және тоқсан үшін жиынтық бағалау үшін тапсырмалар жасайды;

бөлім бойынша жиынтық бағалауды және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу корытындысы бойынша талдау жүргізеді;

журналдарды (қағаз немесе электрондық)толтырады;

оку үрдісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;

оку процесінде қарапайым бағдарламалық қамтамасыз етуді және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың косымшаларын пайдаланады;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес тұлғалық, Жүйелік-қызметтік, пәндік нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

оку бағдарламаларын, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға арналған бағдарламаларды әзірлеуге және орындауга қатысады, оку жоспарына және оку процесінің кестесіне сәйкес олардың толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын және бейімділіктерін зерделейді;

инклузивті білім беру үшін жағдай жасайды;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оку бағдарламаларын бейімдейді;

арнайы білім беру ұйымдарында оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, дамудагы ауытқуларды барынша еңсеруге бағытталған білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмысты жүзеге асырады;

интерактивті оку материалдары мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, қашықтықтан оқыту режимінде сабактар ұйымдастырады;

әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастырының, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады;

ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысады;

ата-аналарға кенес береді;

кәсіби құзыреттілікті арттырады;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті коргау, өртке қарсы коргау қагидаларын сақтайды;

білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын корғауды қамтамасыз етеді;

ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады;

білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қагидаттарын бойына сініреді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-кимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзеу арқылы колдау туралы" заңдары, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

оку пәннің мазмұны, оқу-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;

педагогика мен психология;

пәнді оқыту әдістемесі, тәрбие жұмысы, оқыту құралдары және олардың дидактикалық мүмкіндіктері;

педагогикалық этиканың нормалары;

медиация техникасы және қақтығыстарды шешу мүмкіндігі;

оку кабинеттері мен қосалкы үй-жайларды жабдықтауға қойылатын талаптар;

құқық негіздері және енбекті, экономиканы ғылыми үйымдастыру;

енбек заңнамасының негіздері, енбек қауіпсіздігі және енбекті қоргау, өртке карсы қоргау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс стажына талап қоймастан, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат немесе біліктіліктің орташа деңгейіне жататын XI педагогикалық сыныбы бар 1995 жылға дейін орта мектепті бітіргені туралы құжат;

және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс етілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс етілі – 5 жыл.

Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог":

оку пәннің мазмұнын, оқу-тәрбие процесін, оқыту және бағалау әдістемесін білуі тиіс;

білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлау және үйымдастыру;

білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету;

білім беру үйымы деңгейіндегі іс-шараларға катысу;

білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жузеге асыру;

кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын менгеру, сандық білім беру ресурстарын қолдану;

2) "педагог-модератор":

"педагог" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ:

оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын қолдану;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеке сәйкес білім беру үйымы, аудан (облыстық маңызы бар кала) деңгейінде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың қатысушылары немесе жүлдегерлері немесе женімпаздары болуы немесе кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе женімпазы болуы;

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" біліктілігінің жалпы талаптарына сәйкес келу, бұдан басқа:

үйымдастырылған оқу қызметін, оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларын менгеру;

білім беру үйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын сыйндарлы түрде айқындау;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеке сәйкес аудан (облыстық маңызы бар кала) деңгейіндегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, облыс деңгейіндегі конкурстардың, жарыстардың қатысушылары немесе женімпаздары немесе жүлдегерлері болуы;

облыстың, елдің телевидениесінде трансляциялау үшін енгізілген бейне -, телесабактар дайындау (Бар болса);

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапышы" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ:

сабакты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын менгеру;

білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды камтамасыз ету;

облыс, респубикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибелі жабдықтау (респубикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

білім беру саласындағы уәкілдепдер орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, респубикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың катысушылары немесе женімпаздары немесе жүлдегерлері болуы;

"Қазақстан мұгалімі" ұлттық сыйлығының катысушысы немесе жүлдегері немесе женімпазы, "Ұздік педагог" атағының иегері (болған жағдайда) болу;

аудан (облыстық маңызы бар қала), облыс (бар болса) деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асыру және даму стратегиясын сындарлы айқындау;

тиесті уәкілдептер органының ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары ұйымдастырыған педагогтар үшін семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге катысу;

Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Білім мазмұнын сараптау Республикалық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының "сарапышылардың электрондық базасына" (бұдан әрі - білім мазмұнын сараптау Республикалық ғылыми-практикалық орталығы) немесе техникалық және кәсіптік білім департаменті (болған жағдайда) жанындағы РОӘК ұсынған (бұдан әрі - ТЖКБД) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оку - әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапышылардың құрамына кіру;

елдің, облыстың теледидарында трансляциялау үшін енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған бейне -, телесабактар дайындау (Бар болса);

интернет-ресурстарды пайдалана отырыш, жұмыс тәжірибесін тарату;

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ:

ІІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы РОӘК-те мақұлданған авторлық бағдарламасы болуы тиіс. Білім беру саласындағы уәкілдептер орган бекіткен немесе ЖЖОҚБҰ жанындағы РОӘК ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) немесе тест тапсырмаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі сарапышылар құрамына кіруі немесе WorldSkills чемпионаттарының сарапышысы немесе педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша жаттықтыруши болуы;

білім беру саласындағы уәкілдептер орган бекіткен тізбеге сәйкес респубикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе женімпазы болу немесе респубикалық немесе халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың женімпаздарының немесе жүлдегерлерін дайындау;

білім беру саласындағы уәкілдептер орган бекіткен тізбеге сәйкес респубикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе женімпазы болу немесе респубикалық немесе халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың женімпаздарының немесе жүлдегерлерін дайындау;

"Қазақстан мұгалімі" ұлттық сыйлығының катысушысы немесе жүлдегері немесе женімпазы, "Ұздік педагог" атағының иегері (болған жағдайда) болу;

интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін тарату;


тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс, республика деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау (бар болса);

респубикалық білім беру мазмұнын сараптау Ғылыми-практикалық орталығының "Сарапышылардың электрондық базасына" сәйкес оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі немесе ТКББД жанындағы РОӘК ұсынған сарапышылар құрамына кіру;

республика деңгейінде тәжірибелі жинақтау, тиісті уәкілетті органның ведомствоның бағынысты білім беру үйымдары үйымдастырылған педагогтар үшін семинарлар, конференциялар үйымдастыруға және өткізуге катысу;

елдің, облыстың теледидарында трансляциялауга енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған бейне-сабактар, телесабактар дайындау (бар болса).

Кәсіподақ ұйымының төрағасы  Байтабек Т.

Таныстым  Назарбекова С. А.